

С.К. Сыздықов^{1*}, А.В. Таңжарықова², Д.Б. Мухамадиев³, Б.С. Бегманова⁴

^{1, 2, 3} Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан;

⁴ Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

(E-mail: sake.sakebaev@mail.ru; Alua1973@mail.ru; dauren-7725@mail.ru; bibizhan.begmanova@mail.ru)

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8444-6373>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5575-9813>

³ORCID: 0009-0004-9407-6088

⁴ORCID: 0000-0002-9135-6752

Ақын Алақанұлы шығармаларындағы тарихи контекст және кейіпкер тағдыры

Мақалада қазіргі қазақ прозасындағы өзіндік көркемдік стилімен танылып жүрген қаламгерлердің бірі — Ақын Алақанұлының шығармашылығы этномәдени транслокация және постколониалдық дискурс контекстінде жан-жақты қарастырылған. Жазушының әдеби мұрасындағы көркемдік жүйе, тақырыптық арқау мен кейіпкер болмысы тарихи кезең шындығымен тығыз байланыста талданып, шығармаларындағы ұлттық болмысты бейнелеу тәсілдері сараланады. Автордың «Ақ әже», «Ала айғырдың ақыры», «Қара байталдың қасіреті», «Өрт шалған жүрек» хикаяттарында отарлық және одан кейінгі кезеңдердегі тарихи-әлеуметтік оқиғалар мен олардың кейіпкерлер тағдырына әсері көркемдік тұрғыдан бейнеленеді. Бұл туындыларда кейіпкерлер тек бір дәуірдің куәгерлері ғана емес, сонымен қатар тарихи жадты сақтаушы, ұлттық рухты қорғаушы тұлғалар ретінде көрініс табады. Мысалы, «Қара байталдың қасіреті» әңгімесіндегі басты кейіпкердің жеке трагедиясы арқылы ұрпақтар арасындағы мәдени үзілістің салдары ашылады. Автор танымдық-көркемдік әдіснамасын тарихи деректерді психологизммен үйлестіру арқылы жүзеге асырады: оқиғалардың хронотоптық құрылымы арқылы өткен мен бүгіннің диалогі қалыптасады. Қаламгердің «Өрт шалған жүрек» туындысында қазақ этносының төзімділігін бейнелесе, баяндау стиліндегі полифониялық құрылым арқылы қоғамдық плюрализм идеясын көрсетеді. Авторлық ұстаным постколониалдық теорияға сәйкес, «бағынушылық» пен «бостандық» арасындағы диалектикаға негізделген: кейіпкерлердің іс-әрекеттері колониалдық өткеннің әсерін жоюға бағытталса да, глобализация контекстіндегі жаңа қиындықтармен бетпе-бет келеді. Мақалада жазушының танымдық-көркемдік әдіснамасы тарихи фактілер мен көркем қиялдың, әлеуметтік реализм мен символикалық бейнелеу құралдарының үйлесімді тоғысуы арқылы қарастырылған. Шетел қазақтарының әдеби бейнесін сомдаудағы авторлық ұстаным олардың тарихи отанынан алыста жүріп, ұлттық бірегейлікті сақтау жолындағы күресін шебер сипаттауымен ерекшеленеді. Бұл ретте, жазушы шығармаларындағы сюжеттік құрылым, мәдени кодтар мен рәміздер жүйесі, пейзаждық және психологиялық детальдар мазмұндық әрі эстетикалық тұрғыдан талданған. Сонымен қатар, зерттеу барысында автордың баяндау стилі, мәтіндік кеңістігі мен психологиялық портрет жасау әдістері негізгі назарда болады. Шығармалардағы кейіпкер табиғаты мен олардың ішкі рухани әлемі арқылы жазушы ұлттық сана, отарлық езгінің зардаптары мен тарихи әділеттің маңыздылығын көркем түрде жеткізеді. Автор мен оқырман арасындағы қарым-қатынас динамикасы мен мәтіннің қабылдану ерекшеліктері де әдеби-теориялық әдіснама негізінде зерделенеді. Осы арқылы Ақын Алақанұлы прозасының қазіргі әдеби процестегі орны мен рухани-мәдени мәні айқындалады. Осылайша, автордың көркем стратегиясы ұлттық наративті жаңғырту мен әлеуметтік трансформацияларды сын тұрғысынан талдау арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етеді, бұл қазіргі қазақ әдебиетіндегі постколониалдық эстетиканың дамуына үлес қосады.

Кілт сөздер: проза, транслокация, конфликт, деталь, символизм.

Kipicne

Ақын Алақанұлы Моңғолияда туып-өскенімен, шығармаларында қазақтың «тарихи отанына» оралу архетипі мен постколониалды идентификацияның диалектикасы айқын көрінеді. Автордың өмірлік траекториясын Ф. Фанонның «мәдени деколонизация» концепциясы арқылы түсіндіруге болады — бұл рухани репатриация процесі, онда шығармашылық «Эго» (лат. *ego* — «я») — адамның өзіндік «мені» өзге мәдени ортада қалыптасса да, тек «атамекен» архетипі арқылы автохтонды субъектілікке қол жеткізген шығармашылық мұрасы маңызды болып табылады.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: sake.sakebaev@mail.ru

А. Алақанұлы әдебиетіндегі негізгі поэтикалық дінгек — қарапайым халықтың күнделікті өмірінің реализмге негізделген бейнесі. Ол персонаждар арқылы адамзаттық универсалияларды (мұң-мұқтаж, арман-тілек, әлеуметтік теңсіздік) жан-жақты қозғайды. Шығармалардағы кейіпкерлер психологизмінің тереңдігі, олардың ішкі конфликттерінің көркемдік детерминациясы автордың гуманистік көзқарасын көрсетеді. Тілдік стилистикада ашықтық пен метафоралардың минимализмі басым: лексикалық таңдау қарапайымдылық пен нанымдылық критерийлеріне негізделген, бұл оқиға желісінің динамикасын арттырады.

Автордың библиографиялық корпусына кіретін «Қарасай мен Қызылсай» прозалық еңбегі әлеуметтік-мәдени феномен ретіндегі қазақ ауылының универсумын зерттейді. Ондағы фольклорлық мотивтер, қонақжайлылық салттары мен этномәдени кодтардың сақталуын ағайындылық қарым-қатынас рухани кіндіктің символы екендігін әңгімелейді. Кейіпкерлердің «мұң-мұқтажы» экзистенциалдық кризисті емес, этномәдени детерминацияны көрсетеді. Мысалы, атадан қалған жерге деген сүйіспеншілік геопоэтикалық идентификацияның көрінісі. Оның әңгімелеріндегі хронотоп ауылдық кеңістік пен табиғат образдарының символдық функциясы арқылы ұлттық идентичность қалыптастырады.

Алақанұлының шығармашылығы қазақ прозасындағы реализмдік дәстүрдің дамуына зор әсер етті. Оның мәтіндері этномәдени сараптама мен әлеуметтік философияны синтездеу арқылы қоғамның эволюциясын түсінуге көмектеседі. Авторлық поэтикадағы қарапайымдылық пен тереңдіктің диалектикасы зерттеушілердің талдауына кең ауқым ашады.

Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында әдеби талдау, салыстырмалы әдіс, сондай-ақ жинақтау және жүйелеу тәсілдері қолданылды. Сонымен қатар, мәтіндік материалдар негізінде кейіпкер бейнесін ашу, сюжеттік-композициялық құрылымды саралау және символикалық элементтерді анықтау бағытында кешенді зерттеу жүргізілді.

Нәтижелері және талқылау

Халықтың тарихи тағдыры, тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы мен мәдени болмысы ұлттық әдебиеттен өз көрінісін табады. Себебі көркем шығарма — белгілі бір ұлттың рухани әлемі мен дүниетанымының көрінісі ретінде тарихи-мәдени мазмұнға ие құндылық. «Тарихи шындықты дәлдікпен көрсете отырып, өмірдегі өзгерістерді толық көркемдікпен бейнелеу, оның маңызды-маңызды проблемаларын дөп баса білу, сол негізде қоғам дамуының заңдылықтарын дәлелдеу толысқан суреткердің ғана қолынан келмек» [1; 199]. Тарихи шындық көркемдік жинақтау заңдылығы негізінде жазушының қиял елегінен өтіп, көркем туындыға айналады. Бұл үдерістің ерекшелігін

Ж. Дәдебаев былай сипаттайды: «Деректе оқиға нақты баяндалса, әдеби шығармада суреткерлік басым; дерек тек хабар берсе, көркем шығармада сол хабар адамның іс-әрекеті, ой-сезімі, тартысы арқылы бейнелі көрініске айналады» [2; 62–63]. Қаламгер өмірдің ақиқат шындығын кейіпкер мінезі арқылы терең әрі әсерлі түрде бейнелей алады. Бұл туралы зерттеушілер: «Объективтік шындық қанша маңызды, қызықты болғанымен, ол қаһарманның мінез шындығымен бірлестікте берілмесе, ақиқат жартыкеш көрінеді» деп атап көрсетеді [3; 25]. Қазақ әдебиетінде Ә. Кекілбаев, Д. Исабеков, М. Мағауин, С. Мұратбеков, Т. Әлімқұлов сынды жазушылар шығармаларында өмір шындығы адам мінезінің көркем бейнесі арқылы ашылады. Бұл көркемдік ерекшелік ұлттық прозаның идеялық және эстетикалық қуатын арттырып, оны терең философиялық деңгейге көтереді. Жалпы, сөз өнерінің ең басты ерекшелігі — адам тағдырын, оның ішкі жан әлемінің күрделі иірімдерін бейнелі тілмен жеткізе білуінде. «Өнердің ең алды — сөз өнері» [4; 7] дейтін тұжырым осыдан туындайды. Әдеби шығарманың көркемдік құндылығы — жазушының адам болмысын қаншалықты терең әрі нәзік суреттей алуымен өлшенеді.

«Әңгіме — күрделі жанр. Ол жазушыдан ықшамдылықты, жинақылықты талап етеді. Оқырманды бірден қызықтыру үшін шығарманың шағын көлеміндегі өмір көрінісі барынша тартымды болып, сюжеттік желісі ерекше қызық құрылуы қажет. Оқиға өрбіген сәттен-ақ кейіпкердің сыртқы келбеті, мінез-құлқы, іс-әрекеті анық көрініп, әрбір деталь арқылы оның даралық сипаты айқындалуы тиіс. Әңгімедегі адам бейнесі оқшау қалмай, оның өмір сүретін ортасы, әлеуметтік аясы да шынайы бейнеленуі керек. Өйткені кейіпкер — өз дәуірінің, белгілі бір қоғамның өкілі, типтік тұлға болуға тиіс.

Осындай талаптарды орындау үшін жазушы өмірді терең білуі, тіл байлығын жетік меңгеруі, байқағыштық қабілеті жоғары, талғампаз әрі суреткерлік шеберлігі дамыған болуы қажет. Сонымен қатар, қаламгер ойы биік, идеясы терең, білімі мен мәдениеті кемел болуы шарт. Бұл — шығармашылық тұрғыдан аса қиын әрі күрделі процесс. Сондықтан жазушылар әңгіме жанрын шеберлікті шыңдаудың бір мектебі деп есептейді» деп тұжырымдайды, академик З. Қабдолов «Сөз өнері» атты монографиялық еңбегінде [5; 273].

Ақын Алақанұлының әңгіме жазудағы шеберлігі, өзіндік өзгеше стилі оқырмандарын елең еткізбей қойғызбайды. Проза жанрында алғашқы қадамдарын жасаған кезінен-ақ оның өзіндік көркемдік өрнегі байқалды. Жазушы шығармаларында өмір шындығы, заман тынысы, кейіпкерлердің ішкі әлемі мен қилы тағдыры өзгеше көркемдік шешімдермен астасып жатады.

Оның прозасындағы кейіпкерлер тек тарихи детерминизмнің объектісі ретінде емес, ұлттық болмысты реконструкциялауға қатысқан субъектілер ретінде қалыптасады. «Шығармашылық ерекшелік жоқ жерде — жазушы жоқ», – дейді белгілі сыншы-ғалым Қ. Ергөбек [6; 13].

Ақын Алақанұлы хикаяларының ерекшелігі — қаһармандарының соншалықты айқындығы, бедерлігі. Ішкі жан дүниесімен қопарыла суреттелген кейіпкерлер бір-бірімен жалғасып жатқанмен, бөлек-бөлек. Автор тіпті эпизодтық кейіпкерлерінің өзін соншалықты даралап суреттейді.

Ақын Ақтанұлы шығармаларында қарапайым адамдардың болмысы көркемдік зерттеу нысанына айналған. Жазушы таңдаған оқиға желісі де тұрмыстық қарапайымдылығымен ерекшеленеді. Автор тұрмыстық детальдарды шебер қолдана отырып, кейіпкерлерін қарапайым тілмен сөйлетеді және сол арқылы адам жанының тереңіне үңіледі. Қаламгер «қарапайым адамдар көкірегіндегі құпия қазыналарды» ашуға ұмтыла отырып, олардың рухани әлемін тануға баса назар аударады. Жазушы кейіпкерінің сөзі мен әрекеті арқылы әлеуметтік шындықты көркем бейнелеуге қол жеткізеді. Жазушының «Ақ әже» әңгімесіндегі әже образы қазақ халқының дәстүрлі құндылықтарын, ұрпақтар сабақтастығын және рухани тазалықты бейнелейтін символдық тұлға ретінде көрініс табады. Бұл образ тек отбасының қамқоршысы ғана емес, сонымен қатар ұлттық болмысты сақтаушы, тарихи жадының тасымалдаушысы ретінде бейнеленеді. Хикаяда кәрі мен жас буындар арасындағы диалог арқылы ұлттық жадтың трансмиссиясы және мәдени кодының қайта өндірілуі көрініс табады. Мәселен, «Ақ әже» әңгімесі әже мен немере ара қатынасынан өрбиді. Осы шығарманың басты кейіпкері Ақ әженің немересі Исатайдың баяндауы арқылы берілген. Әңгіменің қысқаша сюжетіне көз жүгіртер болсақ, оқиғаның басталуы немересі Исатайдың:

– Әже, Ақ әже! Құстар келеді, құстар... Тыңдашы өзің, қоңырқаздар үні секілді, әне-әне құстар деймін, әже», – деп айқайлап жүгіріп келіп, әжесінен сүйінші сұрап, көктемнің келгенін жар салады. Құстардың келгенін көрген әжесі, «Аллаға мың да бір шүкіршілік айтып, келесі жылы да дәл осылай басымыз аман, бауырымыз бүтін болуына жазсын!» – деп Жаратқанға жалбарынады [7; 375]. Әрі қарай оқиға желісі Исатайдың шашын алып, алғашқы рет атқа мінгізіп, қыстан аман-есен шыққанына тәубе деп жер аяғы кеңіген кезде көрші-қолаң, ағайын-туысқа ұлан-асыр той жасайды. Ауылдағы жас үлкен кейуанаға көшкен жұрт, жолды-жолшыбай өткен адамдар арнайы бұрылып келіп, «Сәлем» беретін Ел анасы болғандықтан осы үйден кісі үзілмеуші еді. Жасы келіп, әбден қартайғандықтан үйге келген кейбір адамдары танымай қалып жататын. Жаз келісімен жайлауға көшетін қазақ бұрын барып орналасса, кейін көшіп келген ауылға қазақы дәстүрмен дастарқан ала барып, жол жүріп шаршап шалдығып шөліркеген ағайынға ас, суын беріп, киіз үйін құрысып қолғабыс тигізетіні жайлы баяндалады. «Шөптің басы қуарып, жапырақтар сарғайған қоңыр күзде келіп жетті. Бірақта менің асыл әжем биылғы күздегі қайтқан құстар қиқуын естуге үйден шыққан жоқ. Олармен шын жүрегімен тебіреніп қоштаса да алған жоқ. Өйткені ақ әжем фәни жалғанмен біржолата қоштасқан еді» [7; 390].

«Ақ әже» образы уақыт пен кеңістік категорияларымен тығыз байланысты. Уақыт — әженің өмірінің өтпелі кезеңдерін, ал кеңістік — оның дүниетанымы мен өмір сүру ортасын сипаттайды. Әженің өмірден өтуі — жеке бір адамның тағдыры ғана емес, ұлттық дәстүрдің бір дәуірмен бірге өзгеруі. Алайда, құстардың көктемде қайта оралуы сияқты, оның тәрбиесі, ұлттық құндылықтары келер ұрпақпен бірге жалғасады. Бахтиннің еңбектеріне сүйене отырып, уақыт пен кеңістік ұғымын өзара ажырамас тұтастықта қарастырып, «хронотоп» (Б. Майтанов — мекеншак) терминін енгізген. Шынында да, көркем мәтінде уақыт пен кеңістікті жеке-жеке талдау мүмкін емес, өйткені олар бірін-бірі толықтырып, шығарманың құрылымдық негізін қалыптастырады. Уақыттың көркемдік бейнесі түрлі аспектілерден тұрады. Ол биографиялық (адам өмірінің балалық, жастық, кемелдік және қарттық кезеңдері), тарихи (қоғам дамуының кезеңдері, ұрпақ сабақтастығы, маңызды оқиғалар),

ғарыштық (әлемдік тарих пен мәңгілік туралы пайымдар), күнтізбелік, тәуліктік өлшемдер арқылы көрініс табады. Сонымен қатар, уақыт қозғалыс пен тұрақтылық, өткен, осы шақ және болашақтың өзара байланысы тұрғысынан қарастырылады [8; 51]. Зерттеушілер Е.С. Адаева мен А. Сұлтанова концептіні белгілі бір ұлттың лингво-мәдени кеңістігінде жинақталған өзіндік сипаты мен ерекшелігін танытатын күрделі құбылыс ретінде қарастырады. «Ғалымдар ұлттық концептіні «ұлттық болмыстың көрінісі» деп сипаттап, әрбір этностың әлемге өзіндік таным тұрғысынан қарап, оған өзіне тән мазмұн дарытатынын атап өтеді. Яғни, адамзат дүниені бағалауда өзінің ұлттық ерекшелігіне негізделген танымға сүйенеді. Бұл ерекшеліктер, сонымен қатар, тілдің барлық деңгейінде көрініс табатын, рухани әрі материалдық құндылықтар арқылы айқындалады» [9; 51]. Осы негізде автор шығармашылығындағы жеке авторлық концептосфера ұлттық сипатты өзінше түсінуімен қалыптасатын авторлық позиция арқылы ерекшеленеді. «*Ақ әже*» әңгімесінің концептілік өзегі — «*Әже*» *концептісі*, ал оны толықтырып тұрған ұғымдар — *ұрпақ сабақтастығы, тектілік, ұлттық жады*. Бұл концептілер шығармада тек жалаң ұғым ретінде емес, көркем бейнелер, әрекет, диалог, астарлы мағына арқылы беріледі. Яғни, концепт — ұлттық дүниетанымның көркем формадағы көрінісі. «Типтік образды сомдауда кейіпкер бойында тек даралық қасиеттер емес, сонымен бірге өз дәуірінің шындығын танытатын жалпыадамзаттық және заманға тән сипаттар қатар көрінуі тиіс. Бұл — типтендіру процесінің басты қағидаларының бірі. Сондықтан да типтік бейне жасау — бір-біріне ұқсас, стереотипті кейіпкерлерді тудыру емес, қайта қоғамдағы өзекті мәселелерді көркем бейнелеу арқылы шынайы өмір құбылыстарын көрсету болып табылады» [10; 5].

Ақын Алақанұлының «Ақ әжесі» мен Мұхтар Әуезовтің «Абай жолындағы» әже образдары ұрпаққа ұлттық кодтарды жеткізетін «мәдени гендерлік көпір». Әуезовтің әжелері тарихи шындықты бейнелесе, Ақын Алақанұлының Ақ әжесі архетиптік-символдық образ ретінде қарастырылады. Мұхтар Әуезов әжелер арқылы қазақ қоғамының күрделі әлеуметтік құрылымын және Абайдың ақындық мектебінің қалыптасуын суреттесе, Ақын Алақанұлы «Ақ әжесі» арқылы заманауи ұрпақтың рухани қуат көзі ретіндегі дәстүрдің маңыздылығын атап өтеді. Ғалым Қ. Байтанасованың пайымдауынша, «көркем шығарманың тақырыптық аясы мен мазмұндық құрылымы, композициялық тұтастығы мен идеялық шешімі сол туынды дүниеге келген дәуірдің тарихи-әлеуметтік жағдайларымен тығыз сабақтасып жатады» [11; 252].

XX ғасыр әлем әдебиетінде туындап жатқан жаңаша көзқарастардың әсері қазақ прозасына да ықпалын тигізіп, қазақ көркем сөз өнері өсіп, дами түсті. Мәселен, А. Алақанұлының кей туындыларының Оралхан Бөкейдің «Қайдасың, қасқа құлыным?», Анна Сьюэллдің «Қара айғыр» (Black Beauty, 1877), Лев Толстойдың «Холстомер» (1885), Кормак Маккартидің «Шекараның ар жағында» (All the Pretty Horses, 1992), Уолтер Фарлидың «Қара сәйгүлік» (The Black Stallion, 1941), Фёдор Достоевскийдің «Ағайдың түсі» («Сон смешного человека», 1877) шығармаларымен ұқсастығын аңғарамыз. Бұл оның ізденіс жолында тек қазақ пен қытай жазушыларының еңбектерін оқумен шектелмей, әлемдік әдебиетті де терең меңгергенінің айқын дәлелі. Яғни, үйренген білімін қарапайым қазақ ауылының тұрмысымен ұштастырып, қазақы дүниетанымды бойына сіңіре білді. Қаламгердің «Қарасай мен Қызылсай» повесі жазушының кейінгі жылдары дүниеге әкелген көркем әрі салмақты туындыларының бірі. Шығармада еліміз тәуелсіздік алған алғашқы кезеңдегі көші-кон мәселесі негізгі өзек ретінде алынған. Атамекенге үдере көшкен халықтың сағынышы мен туған жерін қиып кете алмаған қандастарымыздың көңіл-күйі әсерлі бейнеленген. Повестің өн бойында нәзік лиризм басым, кейіпкерлердің ішкі жан дүниесі терең ашылып, олардың тағдыр-талайы шынайы суреттеледі. Сонымен қатар, Жетпісбайдың жұртында қалған «ала айғырдың» аянышты да тосын тағдыры оқырманға астарлы ой салып, шығармаға ерекше көркемдік реңк береді.

Ақын Алақанұлының «Ала айғырдың ақыры» повесінде аңызға айналған ала айғырдың тағдыры арқылы автор ұлттық сананың терең қатпарларын, табиғат пен адамның күрделі қарым-қатынасын ашады. Аты айтып тұрғандай, айғырдың ажалы арқылы автор сол кезеңдегі тарихтың сырын ашады.

Повестің сюжеттік желісі миф пен шынайылықтың тоғысында өрбиді. Басты мотив — Ала айғырдың туған ауылына қайта оралуы және оның құрбандыққа шалыну тағдыры. Бұл оқиға желісінде ежелгі түркі мифологиясына тән құттың жоғалуы мен қайта оралуы архетипінің көрінісі байқалады. Ала айғыр мифтік герой. Түркі эпостарындағы *Тұлпар* образының жаңаша интерпретациясы. Ол ұжымдық санадағы еркіндік пен құдіреттілік идеалы.

Отанынан алыстап, ата жұртына көшіп кеткен Жетпісбайдың артында қалған ала айғыры мен оның үйіріндегі құлындар, тайлар, байталдар бірінен соң бірі түрлі адамдардың қолына өтеді. Иесі

кеткен соң жылқы да қадірін жоғалтып, ақыры жездесі ала айғырды сатуға шешім қабылдайды. Келісілген бағаға көрші ауылдың бір жігіті сатып алып, жетегіне байлап әкетеді.

«Алайда, ала айғыр жат жерге кеткісі келмей, жол-жөнекей бой тасалап, тұсауын үзіп, ауылға қарай құйғытады. Ол келген бойда жалғыз байлаулы тұрған ала биені іздеп, айқыш-ұйқыш орналасқан қайың қоршаудан секірмек болғанда қылтасы кесіліп, ауыр жарақат алады. Оны көрген жаңа иесі жануардың азаппен өлгенін күтпей, етін кәдеге жаратпақ болып, бауыздап жібереді. Осы сәтке куә болған әпкесі Жамал көз жасын тыя алмай: «Жетпісбайдың үйірінің алды еді, байғұс жануар, иеннен айырылып қор болдың-ау», – деп күңіренеді [7; 61].

Осы бір ғана деталь арқылы автор терең ой салуды көздейді. Кенеттен қаза тапқан ала айғырдың тағдыры тереңде жатыр. Ол — кезінде Жетпісбайдың ата-анасы алғаш Алтайдан Қобда бетіне көшкенде айдап әкелген тұлпар тұқымынан жалғыз қалған тұяқ еді. Жергілікті моңғол жылқыларынан ерекшелігі — денесінің ірілігі, сымбаты, мініске төзімділігі және үйірін жыртқыштардан қорғай алатын айбынды мінезі болатын.

Әдеби шығарманың өміршең болу мен қатар оқырманға әсерлі жеткізу де маңызды. Яғни, қаламгер шығармасында оқырманның көкейіндегі мәселені терең қозғап, көркем әлемді шынайы әрі жанды етіп суреттеуі қажет. «Шығармадағы оқиғалар мен кейіпкерлер оқырманның ішкі дүниесіне әсер етіп, оны сол көркем әлемге толықтай еніп кеткендей сезіндіре алуы тиіс. Осы мақсатта нарратордың рөлі ерекше маңызды, себебі ол шығарма мен оқырман арасындағы байланысты нығайтады» [12; 117]. Жетпісбайдың ата жұртқа қоныс аударуы — тарихи жағдай. Оның артында қалып бара жатқан жылқыларының әркімге сатылып, талан-таражға түсуі — тарихи кезеңдегі қазақ халықының да бытырауының символикасы ретінде бейнеленген.

Шығармада Жетпісбайдың тағдыры табиғаттың мінезімен үйлесімде суреттеледі. *«Қарасай мен Қызылсай өңірінің әрбір көрінісі қимастықпен қараған сайын көзіне оттай басылып, көңілін көлдей толқытты. Сонау төбесі көкпен таласқан ақ бас шыңнан бастап, қара жал құз таулар, сай-саладан сарқырай ару қыздың бұрымындай бұлақтап, бірде бурадай ақ көбік шашып, буырқанып ағатын сансыз өзен-бұлақтар, желкілдеп өсетін жасыл өзеңдер — бәрі-бәрі өзіне мұңая қарап тұрғандай, «Жетпісбай, сен бізді тастап қайда көшіп барасың?... Сен бізден не жамандық көрдің?... Сен бізді сағынбайсың ба?... Сенің кіндік қаның осы Қарасай топырағына тамба па еді?...Әке-шешен де осы Қарасай қыратында жатыр ғой...» [7; 280], – деп ренжи тіл қатып тұрғандай сезілді.*

Үзіндіде табиғат көріністері — «төбесі көкпен таласқан ақ бас шың», «қара жал құз таулар», «ару қыздың бұрымындай бұлақтап аққан өзендер», «желкілдеген жасыл өзеңдер» — *жанды бейнелерге* айналып, кейіпкермен *диалогқа түседі*. Осы арқылы табиғат пен адамның арасында *эмоционалдық және рухани байланыс орнайды*. Әрбір пейзаждық деталь Жетпісбайдың туған жеріне деген сағынышын, мұңын, жан арпалысын бейнелеуге қызмет етеді. Жер, тау, өзен — барлығы жанды субъект ретінде сөйлейді. Мұндай тәсіл арқылы *антропоморфизация*, яғни табиғатқа адам бейнесіндегі сипат беру көрініс табады. Табиғат — мұнда тек кеңістік емес, туған жердің киесі, тарихи жадының символы ретінде көрінеді. «Кіндік қанның тамған топырағы» — тек метафора ғана емес, адам мен жер арасындағы рухани және мәдени байланыстың поэтикалық көрінісі. Табиғаттың ренжігені — туған өлкенің тастанды күй кешуін білдіретін метафоралық реңк алады. Жазушы пейзажды тек сипаттау құралы емес, кейіпкер психологиясының көркем көрсеткіші ретінде қолданады. Табиғаттың тіл қатуы арқылы туған жерге деген сүйіспеншілік, реніш, қоштасу сәтіндегі эмоционалдық күй суреттеліп, туған топырақтың киесі мен қазақы дүниетаным терең ашылады. Осы тұрғыдан алғанда, қаламгердің көркемдік әдісі адам жанының күрделілігін табиғат құбылыстары арқылы көрсетуге негізделген. Бұл — қазақ прозасында кездесетін ерекше тәсілдердің бірі.

Осылайша, Ақын Алақанұлының бұл туындысы жанрлық тұрғыдан терең мазмұнға ие, кейіпкер психологиясын ашуда жаңашылдық танытқан шығарма ретінде бағалануға лайық.

«Көркем шығармалардың құрылысы (композициясы) тек сыртқы пішінге ғана емес, оның мазмұны мен идеясымен де тығыз байланысты. Шығармада бейнеленетін оқиғалар мен кейіпкерлердің әрекеттерін шебер үйлестіру жазушының талантын көрсетсе, ал қандай оқиғаны таңдап, кейіпкерлерді қалай суреттеу жазушының дүниетанымы мен шығарманың негізгі идеясымен анықталады» [13; 209].

Жазушы өз шығармаларында жылқы бейнесін адам болмысымен сабақтастыра отырып, адам характерінің өзіндік ерекшеліктерін айқындай түседі. «Қара байталдың қасіреті» повесінде автор жылқысының соңғы тұяғы — қара байталынан айырылып, ұрылардан жапа шеккен Ақжолдың өмірі

арқылы жеке адамның тағдырын бейнелейді. Бұл шығарма — адам мен жануар арасындағы рухани байланысты суреттейтін жаңа көркем туынды ретінде бағалануға лайық. Автор символдық астармен өрілген аллегориялық баяндау тәсілін қолдана отырып, әлеуметтік-философиялық мәселені көтереді. Әңгіменің тілі шынайы әрі бейнелі, автор оқырманды терең ойға жетелейтін «қара байтал», «сиыр сүті», «жылқы үйірі», «бөтен иіс», «далада қаңғыру», «бөтен иіс» метафоралар мен көркемдік детальдарды шебер қолданады. «Көкек айының орта шені болатын, жер жаңа тебіндеп көктеп, мал өріске шыға бастаған. Желіні жетіп алқылдап тұрған биені бойын жазсынышы деп түс әлетінде қорадан шығара қоймасым бар ма?! Түскілік ішіп қайта шықсам бие жоқ... Ойпырм-ай, аға, адам өмірде не бір сұмдықты көреді екен. Бір жыраның ішімен келе жатсам, бір жерде жаңа туған жас құлынды қалдырыпты да, енесін бауыздап, ішек-қарынын ақтарып тастап алып кетіпті. Анадай жерде жатқан басты аударып көрсем, дәл қарагер биенің өзі екен» [7; 393].

Енесінен туа сала жетім қалған құлынды сиыр сүтімен ауыздандырып асырағанда, оның бойының жылқыға тән бордақ иіс шықпай, керісінше, сиыр иісі мұңкіп тұрады екен. Кейін үйірге қосылар кезде, ондай байталдардың иісінен айғырлар жеріп, оны үйіріне ертпейтін көрінеді. Айғыр біткенге жек көрінішті болып, айдалаға безіп кеткен қара байтал ақыры ұрыларға жем болады. Қара байталдың тағдыры арқылы автор адамның әлеуметтік ортаға бейімделу мәселесін астарлап көрсетеді. Бұл — тұлғаның ортада өзіндік болмысын жоғалтуы мен жатсынудың символдық көрінісі.

Әңгімедегі қара байталдың тағдыры — мектеп бітіре сала аяғы ауыр болып, баласын қалаға барып тастап келген Бақытгүлдің ішкі драмасымен астасып жатыр. Бұл көркем тәсілді әдебиеттануда психологиялық параллелизм деп атайды — яғни, автор осы екі кейіпкер арқылы адам мен табиғат арасындағы рухани үндестікті астарлап береді. Шығармада аналық инстинкт және тастанды ұрпақ идеясы арқылы классикалық әдебиеттегі (мысалы, Толстойдың «Холстомеры» немесе Маккартидің образдары) терең гуманистік сарынымен үндестік байқалады. Жазушы кейіпкердің жан күйзелісін, жатсынуын және жалғыздығын шынайы әрі әсерлі суреттейді. Қара байталдың оқшаулануы мен трагедиясы арқылы әлеуметтік ортаның қаталдығы мен бейімделудің күрделілігі көрсетіледі. Шығармадағы қара байтал мен Бақытгүлдің екеуі де аналық болмыстың символы, бірақ екеуінің де аналық бақыты баянсыз, қайғы мен мұңға айналған. Жазушы осы екі бейнені астастыра отырып, қоғамдық проблема мен жеке трагедияны бір желіге тоғыстырады. Бұл — прозадағы терең философиялық, әлеуметтік және психологиялық ізденістің нәтижесі.

«Жазушы бұл образдарды заманы тудырған реалды-тарихи адамдар ретінде бейнелеп, өзінің суреттеп отырған шындығына деген көзқарасын айқындайды. Суреткер көркемдік шындық биігіне дәуірлік оқиғалардың логикасын қаһармандардың мінез ерекшеліктерінің логикасымен қабыстыру арқылы жетеді» [14; 253].

«XX ғасырдың 60-70-жылдарынан бастап қазақ әдебиетінде тарихи тақырыптағы шығармалар қарқынды дами бастады. Бұл туындылар Кеңес Одағы кезеңінде ресми тарихнамада айтылмаған немесе шектеулі зерттелген күрделі мәселелерді көркемдік тұрғыдан қамтып, ұлт тарихының маңызды кезеңдерін көрініс тапқанын көрсетеді. Қазіргі қазақ әдебиетінде тарихи тақырыптың ауқымы кеңейіп, бұл үрдіс халықтың өткенін тереңірек зерделеуге, оның тәуелсіздік жолындағы күресі мен мәдени мұрасын бүгінгі ұрпаққа жеткізуге бағытталған. Әдеби шығармалар тарихи оқиғалар мен тұлғалардың көркемдік интерпретациясы арқылы ұлттық жадыны сақтау мен жаңғыртуда маңызды рөл атқарады» [15; 336]. Мәселен, Ақын Алақанұлының «Өрт шалған жүрек» әңгімесі Фанонның мәдени деколонизация теориясымен үндес келеді. Екі шығармада да отаршылдықтың адам санасына тигізетін терең әсері, ұлттық болмысты қайта табуға деген ұмтылыс және рухани азаттық үшін күрес сипатталады. Автор шығармасында тіл мен ұлттық құндылықтардың жойылуы, рухани отаршылдық, ұлт болашағына алаңдаушылық сияқты өзекті мәселелерді көтереді. Шығармадағы басты оқиға — қазақ тіліндегі оқулықтар мен әдеби кітаптардың өртенуі арқылы рухани қасіретті көрсету.

Шығарманың негізгі идеясы ұлттық рухты сақтау, ана тілді қадірлеу және мәдени мұраның маңыздылығын түсіну. Автор қазақ тілінің құндылығы аяқ асты болып, ұлттық мәдениеттің жойылу қаупі төнген сәтті көрсетеді. «Қызыл өртке оранғандардың бәрі қазақ тіліндегі оқулықтар, әдеби кітаптар мен түрлі газет-журналдар екен... «Ана тілі», «Қазақ әдебиетінің хрестоматиясы», «Абай Құнанбаев», «Қазақ ертегілері»... тағысын-тағы. Нұржамал оттың шетіне қарай сырғып түскен қоңыр түсті Абайдың өлеңдер жинағын жұлып алды да, шала жанған күйесін жерге сүйкеп тазартқан болды. Сөйтті де байыз таппай тура мектеп директорының үйіне қарай тартты. «Жол

жәнекей қолындағы кітаптың орта тұсын ашып бір шолып өткенде «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым... деген жолдары көзіне шалынды» [7; 423].

Көркем әдебиетте интертекстуалдылық — автор мен оқырман арасындағы мағыналық диалог орнатудың маңызды құралы. Ол — белгілі бір мәдени, тарихи немесе әдеби мәтінге сілтеме жасау арқылы жаңа шығарманың мазмұнын тереңдетіп, көркемдік деңгейін арттыратын тәсіл. Интертекстуалдылық ұғымын алғаш ғылымға енгізген Ю. Кристева оны «мәтіндер диалогы» деп сипаттаған. «Мәтін ішіндегі мәтін — бұл тек қана автордың эрудициясы немесе тек сыртқы ажарлау емес. Мәтін ішіндегі мәтін негізгі мәтіндегі басым идеяны (доминант) айқындап, жаңа бір ойға, мәтіндегі оқиғаны жаңаша қабылдауға жетелейді [16; 103].

Шығармада кейіпкердің қолындағы кітаптан Абай Құнанбайұлының «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым...» деген өлең жолдарын көруі — кездейсоқ деталь емес, бұл автордың ұлттық идеяны жеткізу жолындағы саналы көркемдік амалы. Бұл дәйексөз — кейіпкердің ішкі толғанысы мен оның ұлттық санасының оянуы арасындағы байланыс қызметін атқарады. Интертекстуалдылық арқылы автор Абай әлемін еске түсіріп қана қоймай, сол арқылы отарлық сана мен ұлттық болмыс арасындағы қайшылықты көрсетеді. Әңгіме желісінде Абайдың сөзі — тек эстетикалық безендіру емес, ол — шығармадағы басым идеяны айқындайтын *доминант* қызметін атқарып тұр. Автор бұл тәсіл арқылы кейіпкердің ішкі жан әлемі мен қоғамдық шындық арасында күрделі байланысты суреттей отырып, оқырманға оқиғаны тереңірек қабылдауға мүмкіндік береді. «*Өрт шалған жүрек*» әңгімесіндегі басты символдар: *Өрт* — ұлттық мәдениеттің жойылуын, ана тілімізге, әдебиетімізге жасалған қиянатты білдіреді. *Абайдың кітабы* — халықтың рухани қуаты, қазақ әдебиетінің асыл қазынасы. *Нұржамалдың көз жасы* — рухани азаптың, қасіреттің белгісі. «Символикалық бейнелеу туралы Г. Балтабаева былай дейді: «Символикалық сипат — шығарманың көркемдік келбетін көтеретін айрықша факторлардың бірі. Мұнда қаламгер айтпақ ойын көзге ұрардай жарқыратып ашып тастамайды, көлегейлеп, астарлап, символмен, меңзеумен, шағын деталь арқылы, астарлы метафора көмегімен түспалдап, ишарамен, емеурінмен ұсынады» [17; 49].

Диалог — адам мінезін, көркем идеяны ашуда шешуші қызмет атқаратын негізгі құралдың бірі. Диалог кезінде әр кейіпкердің сөз саптауынан, ой-толғанысынан жан дүниесі айқын көрінеді. «Әдебиеттегі адамның ішкі бітімін, оның өзін сөйлету арқылы да мінез-құлқынан, ұғымынан, нанымы мен танымынан, мәдениетінен сыр түюге болады» [18; 107]. Осы тұрғыдан қарағанда, «*Өрт шалған жүрек*» әңгімесіндегі Нұржамал мен Анна арасындағы диалог — тек екі кейіпкердің ішкі болмысын ашып қана қоймай, сол кезеңдегі қоғамның рухани-мәдени қақтығысын, ішкі қарама-қайшылығын да терең суреттейді. Бұл көркемдік тәсіл арқылы автор кеңестік идеология мен ұлттық рухтың арасындағы кереғарлықты табиғи әрі нанымды формада береді.

— *Қайырлы таң, Анна Ивановна. Мен... мен... кешіріңіз, мектепте кітаптарды өртеп жатқаны несі, түсінбеймін тіпті.*

— *А-а-а, кітаптар дейсің бе? — деп әп-сәтте түнеріп сала берді.*

Саған оның неменесі түсініксіз? Бұдан былай еш қажеті болмайтын оқулықтарды беталды жер алдырып, ыбырсытып қойғанша тазартқанда тұрған не бар?

Жарайды, Анна Ивановна, оқулықтардан басқа Абай шығармалары секілді... «Абай, Абай!.. Кім екен ол?! Пушкин бе екен, Маяковский ме екен?! Сен қыз Хрущевтің «Қазақтар орыс тілін қаншалықты тез меңгерсе, коммунизмге соншалықты тез жетеді» деген сөзін естен шығарып жіберген екенсің. Жетер енді, бара бер, сенімен салғыласып тұрар жайым жоқ, — деп есікті тарс жауып алды» [7; 424].

Академик З. Қабдоловтың пікірінше, қаһарман бейнесін ашуда тартыс — көркем шығарманың басты құралы болып табылады. Ол қандай дәуірде жазылса да, заман шындығы тек тартыс арқылы көркемдік шешімін табады деп есептейді. Осы тұрғыдан алғанда, тартыс — кейіпкердің ішкі жан дүниесін, рухани ізденісін, психологиялық болмысын ашудың негізгі әдісі ретінде маңызды рөл атқарады [19; 181]. Шығармадағы кейіпкерлер тартысы (конфликт): Нұржамалдың жан дүниесіндегі ашу, күйзеліс, дәрменсіздік сезімдері өртенген кітаптарды көргенде күшейе түсіп, Нұржамал мен мектеп директоры Анна Ивановнаның диалогы арқылы ұлттық құндылықтарды құрметтеу мен оларды жоюды ақтау арасындағы қарама-қайшылық көрініс табады. Хикаяттағы басты кейіпкер Нұржамал — ұлтының рухани құндылықтарына жанашыр, әділдік үшін күресуге дайын кейіпкер. Анна Ивановна — отаршыл саясаттың өкілі, қазақ тілі мен мәдениетін менсінбейтін, билікке қызмет етуші тұлға. Қаламгердің шығармасындағы негізгі ойы — қазақ халқының рухани тұтастығын сақтау үшін ана тіліне, әдебиетке деген сүйіспеншілікті жоғалтпау керектігін көрсетеді. Шығарма

оқырманды өз халқының мәдени мұрасын қадірлеуге, ұлттық рухты сақтауға үндейді. «Ұлттық характер» ұғымы белгілі бір халықтың тарихи-әлеуметтік даму жолында қалыптасатын, уақыт талабына сай өзгеріп отыратын диалектикалық құбылыс ретінде қарастырылады [20; 173].

Осы тұрғыдан алғанда, Ақын Алақанұлының «*Өрт шалған жүрек*» әңгімесіндегі ұлттық мінездің көркемдік бейнесі ерекше назар аударарлық. Шығармада ұлттық мінез кейіпкердің рухани болмысы, ішкі жан әлемі арқылы ашылады. Жазушы кейіпкердің мәдени мұраға, әдебиетке, әсіресе Абай шығармашылығына деген қарым-қатынасын көрсету арқылы оның дүниетанымын, тарихи жадысын, ұлттық сана-сезімін терең танытады.

Әңгімеде ұлттық мінез жалаң сипаттау немесе декларативті насихат арқылы емес, нақты ситуация шеңберінде туындаған психологиялық тартыс арқылы көркемдік шешім табады. Автор кеңестік идеология мен ұлттық рух арасындағы қақтығысты Нұржамал мен Анна Ивановна арасындағы диалог негізінде бере отырып, тарихи кезеңнің рухани-мәдени қайшылықтарын шебер бейнелейді. Бұл — прозалық шығармада ұлттық болмысты бейнелеудің көркемдік-психологиялық тәсілі болып табылады.

Қорытынды

Ақын Алақанұлының шығармашылығында тарихи кезең мен кейіпкер тағдырының өзара байланысы айқын көрінеді. Жазушының әңгімелеріндегі терең мазмұн мен көркемдік тәсілдер оның әдеби мұрасын жоғары деңгейде бағалауға мүмкіндік береді. Ақын Алақанұлының шығармалары арқылы біз шетелдегі қазақ халқының ұлттық болмысын, оның рухани әлемін, сонымен қатар тарихи өзгерістердің адамдар өміріне әсерін байқай аламыз. Қаламгер шағын көлемді әңгімелері арқылы адамның табиғи болмысымен, оның қоғамдағы орны мен тағдырының өзара байланысын терең ашып көрсетеді. Әсіресе, «Қара байталдың қасіретіндегі» құлынның сиыр сүтімен қоректенуі мен жылқы үйірінен шеттетілуі табиғи болмыстың өзгеруі мен адамдық болмыстың қалыптасуындағы күрделі сұрақтарды алға тартады. Бұл шығармаларда көркемдік бейнелер мен символика арқылы ұлттың өткен тарихы мен қазіргі жағдайы арасындағы сабақтастық ашылады.

Жазушының прозасындағы басты ерекшелік — адамның ішкі әлемін, оның жан дүниесін терең зерттеу және сол арқылы тарихи кезеңнің әлеуметтік-психологиялық ықпалын көрсетуі.

Ақын Алақанұлының шығармаларында адам тағдыры мен қоғамдық өзгерістердің бір-біріне әсері айқын көрініс табады, ал оның кейіпкерлері тек жеке тұлға ретінде емес, өз ұлтының тағдыры мен болашағы үшін күрескен қайраткерлер ретінде сипатталады.

Жалпы алғанда, Ақын Алақанұлының шығармалары қазақ прозасындағы маңызды көркемдік құбылыс болып табылады. Олардың ұлттық мәдениетті сақтап қалуға, қазақ халқының рухани мұрасын қайта жаңғыртуға қосқан үлесі зор. Жазушының көркемдік тәсілдері мен әдеби бейнелерін зерттеу арқылы біз қазіргі қазақ әдебиетінің даму бағыттарын терең түсінуге мүмкіндік аламыз.

Мүдделер қақтығысы

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қирабаев С. Әдебиет және дәуір талабы / С. Қирабаев. — Алматы: Жазушы, 1976. — 300 б.
- 2 Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік шешім / Ж. Дәдебаев. — Алматы: Ғылым, 1991. — 207 б.
- 3 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеулер мен өлеңдер / А. Байтұрсынов. — Алматы: Атамұра, 2003. — 208 б.
- 4 Тимофеев Л.И. Основы теории литературы: учеб. пособ. для студентов пед. ин-тов / Л.И. Тимофеев. — Изд. 5-ое. Испр. и доп. — Москва: Просвещение, 1976. — 548 с.
- 5 Қабдолов З. Сөз өнері / З. Қабдолов. — Алматы: «Санат» баспасы, 2002. — 360 б.
- 6 Ерғөбек Қ. Арыстар мен ағыстар / Қ. Ерғөбек. — Астана: Таным, 2003. — 360 б.
- 7 Алақанұлы А. Қарасай мен Қызылсай. Роман және әңгіме-повестер / А. Алақанұлы. — Астана: Фолиант, 2012. — 448 б.
- 8 Балтымова М.Р. Қазақ әдебиетіндегі тарихи проза: оқу құралы / М.Р. Балтымова. — Алматы: Эверо, 2022. — 184 б.
- 9 Адаева Е.С. Көркем мәтіндегі концептілік өріс (Мұхтар Мағауиннің «Қыпшақ аруы» романы негізінде) / Е.С. Адаева, А. Султанова А. // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. — 2022. — № 1. — Б. 49–60. DOI: <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2022-1.06>.
- 10 Смайлов К. Өмірдің өзімен өлшесек / К. Смайлов. — Алматы: Жазушы, 1983. — 256 б.

- 11 Байтанасова Қ.М. Ауыл бейнесі және ұлттық таным / Қ.М. Байтанасова // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. — 2023. — № 2. — Б. 244-258.
- 12 Zhakulayev A.M. Narrative and Historical Discourse / A.M. Zhakulayev, S.U. Takirov, L.I. Mingazova // M.O. Auezov Institute of Literature and Art. Keruen. Scientific Journal. — 2023. — No 1. — Vol. 78. — P. 112-121.
- 13 Классикалық зерттеулер: Көп томдық. — Алматы: Әдебиет әлемі, 2013. — 15-т: Қ. Жұмалиев, З. Қабдолов, З. Ахметов. Әдебиет теориясы. — 412 б.
- 14 Жарылғапов Ж.Ж. Қазақ прозасы: ағымдар мен әдістер: моногр. / Ж.Ж. Жарылғапов. — Қарағанды: Гласир, 2009. — 400 б.
- 15 Ергөбек Қ.С. Қарасөз / Қ.С. Ергөбек. — Алматы: Ел-шежіре, 2013. — 600 б.
- 16 Валгина Н.С. Теория текста / Н.С. Валгина. — Москва: Логос, 2003. — 173 с.
- 17 Балтабаева Г. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасы: оқу құралы / Г. Балтабаева. — Алматы: ҚазМемҚызПУ, 2012. — 273 б.
- 18 Кабдулов Б. Деталь в художественном произведении (к проблеме писательского мастерства): автореф. ... канд. филол. наук / Б. Кабдулов. — Алматы, 1983. — 26 с.
- 19 Қабдолов З. Сөз өнері / З. Қабдолов. — Өңделіп, толықтырылған екінші басылым. — Алматы: Мектеп, 1976. — 375 б.
- 20 Бердібай Р. Тарихи роман: оқу құралы / Р. Бердібай. — Алматы: Санат, 1997. — 336 б.

С.К. Сыздыков, А.В. Танжарикова, Д.Б. Мухамадиев, Б.С. Бегманова

Исторический контекст и судьба героя в произведениях Акына Алаканулы

В данной статье всесторонне рассматривается творчество одного из самобытных писателей современной казахской прозы — Акына Алаканулы в контексте этнокультурной транслокации и постколониального дискурса. Акцентируется внимание на художественной системе, тематической направленности и образах персонажей, тесно связанных с исторической реальностью. В произведениях автора, таких как «Ақ әже» («Белая бабушка»), «Ала айғырдың ақыры» («Конец пегого жеребца»), «Қара байталдың қасіреті» («Трагедия черной кобылы»), «Өрт шалған жүрек» («Сердце, охваченное пламенем»), прослеживается художественное осмысление историко-социальных событий колониального и постколониального периодов и их влияние на судьбы героев. Персонажи в этих произведениях изображаются не только как свидетели эпохи, но и как хранители исторической памяти, защитники национального духа. К примеру, в рассказе «Қара байталдың қасіреті» личная трагедия главного героя раскрывает последствия культурного разрыва между поколениями. Методология автора строится на сочетании исторических фактов с элементами психологизма, а хронологическая структура повествования формирует диалог между прошлым и настоящим. В повести «Өрт шалған жүрек» писатель раскрывает стойкость казахского этноса, а полифоническая структура повествования отражает идею общественного плюрализма. Авторская позиция, соответствующая постколониальной теории, строится на диалектике «подчинения» и «свободы», при этом действия героев направлены на преодоление последствий колониального прошлого, однако они сталкиваются с новыми вызовами в условиях глобализации. В статье рассматриваются синтез исторических фактов с художественным воображением, а также сочетание социального реализма с символическим изображением. Особое внимание уделяется созданию художественного образа казахов, живущих за рубежом, и их стремлению сохранить национальную идентичность вдали от исторической родины. Анализируются сюжетная структура, система культурных кодов и символов, пейзажные и психологические детали. Также рассматриваются нарративный стиль автора, текстовое пространство и методы создания психологического портрета. Через внутренний мир героев раскрываются вопросы национального самосознания, последствия колониального гнёта и значение исторической справедливости. Отдельное внимание уделяется взаимодействию между автором и читателем, а также особенностям восприятия текста. Таким образом, творчество Акына Алаканулы раскрывает его значимость в современном литературном процессе и духовно-культурном пространстве. Его художественная стратегия обеспечивает баланс между возрождением национального нарратива и критическим анализом социальных трансформаций, способствуя развитию постколониальной эстетики в современной казахской литературе.

Ключевые слова: проза, транслокация, конфликт, деталь, символизм.

S.K. Syzdykov, A.V. Tanzharikova, D.B. Mukhamadiev, B.S. Begmanova

Historical Context and the Fate of the Hero in the Works of Akyn Alakanuly

This article provides a comprehensive analysis of the works of one of the distinctive writers of contemporary Kazakh prose — Akyn Alakanuly, in the context of ethnocultural translocation and postcolonial discourse. The focus is placed on the artistic system, thematic direction, and character imagery, all closely linked to historical reality. In the author's works such as «*Aq äje*» (“White Grandmother”), «*Ala ayğyrdıñ aqyry*» (“The End of the Dappled Stallion”), «*Qara baytaldyñ qasireti*» (“The Tragedy of the Black Mare”), and «*Ört şalğan jürek*» (“A Heart Engulfed in Flames”), one can trace an artistic reflection on the socio-historical events of the colonial and postcolonial periods and their impact on the characters' destinies. The characters in these works are portrayed not only as witnesses of an era but also as guardians of historical memory and defenders of national spirit. For instance, in the short story «*Qara baytaldyñ qasireti*» (“The Tragedy of the Black Mare”), the personal tragedy of the protagonist reveals the consequences of cultural rupture between generations. The author's methodology is based on the combination of historical facts with elements of psychological depth, while the chronotopic structure of the narrative establishes a dialogue between the past and the present. In the novella «*Ört şalğan jürek*» (“A Heart Engulfed in Flames”), the writer explores the resilience of the Kazakh people, and the polyphonic narrative structure reflects the idea of social pluralism. The author's stance, aligned with postcolonial theory, is built on the dialectic of “subjugation” and “freedom”, with the protagonists' actions aimed at overcoming the legacy of the colonial past, even as they confront new challenges under globalization. The article examines the synthesis of historical fact and artistic imagination, as well as the blending of social realism with symbolic representation. Special attention is given to the creation of artistic images of Kazakhs living abroad and their efforts to preserve national identity away from their historical homeland. The analysis also addresses narrative structure, the system of cultural codes and symbols, as well as landscape and psychological details. The author's narrative style, textual space, and methods for constructing psychological portraits are explored. Through the inner worlds of the characters, questions of national self-awareness, the consequences of colonial oppression, and the significance of historical justice are revealed. Particular attention is paid to the interaction between author and reader, as well as to the specifics of text perception. Thus, Akyn Alakanuly's work underscores his importance in the contemporary literary process and spiritual-cultural sphere. His artistic strategy maintains a balance between the revival of the national narrative and critical reflection on social transformations, contributing to the development of postcolonial aesthetics in modern Kazakh literature.

Keywords: prose, translocation, conflict, detail, symbolism.

References

- 1 Kiraibayev, S. (1976). *Adebiet zhane dauir talaby* [Literature and the Demands of the Era]. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 2 Dadebayev, Zh. (1991). *Omır shyndygy zhane korkemdik sheshim* [Life Truth and Artistic Solution]. Almaty: Gylym [in Kazakh].
- 3 Baitursynov, A. (2003). *Ādebiet tanytqysh. Zertteuler men öleñder* [Introduction to Literature. Research and Poems]. Almaty: Atamura [in Kazakh].
- 4 Timofeev, L.I. (1976). *Osnovy teorii literatury: Uchebnoe posobie dlia studentov pedagogicheskikh institutov*. 5-izdanie. *Ispravleno i dopolneno* [Fundamentals of Literary Theory: Textbook for Students of pedagogical institutes. 5th ed., revised and supplemented]. Moscow: Prosveshchenie [in Russian].
- 5 Kabdolov, Z. (2002). *Söz öneri* [The Art of the Word]. Almaty: Sanat Publishing [in Kazakh].
- 6 Ergobek, K. (2003). *Arystar men agystar* [Streams and Currents]. Astana: Tanyim [in Kazakh].
- 7 Alakanuly, A. (2012). *Qarasai men Qyzylsai. Roman men äñgimeler* [Karasai and Kyzylsai. Novel and Short Stories]. Astana: Foliant [in Kazakh].
- 8 Baltymova, M.R. (2022). *Qazaq ädebietindegi tarikhı proza: oqu quraly* [Historical Prose in Kazakh Literature: A Study Guide]. Almaty: Evero [in Kazakh].
- 9 Adayeva, E.S., & Sultanova, A. (2022). Korkem matindegi kontseptilik oris (Mukhtar Magauinnin “Qypshaq aryu” romany negizinde) [Conceptual Field in the Literary Text (Based on Mukhtar Magauin's Novel “Kypchaks' Weapon”)]. *Evraziia gumanitaryq institutynyn khabarshysy — Bulletin of the Eurasian Humanitarian Institute*, 1, 49–60. DOI: <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2022-1.06> [in Kazakh].
- 10 Smailov, K. (1983). *Omirdin ozimen olshesek* [Measured by Life Itself]. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 11 Baitanasova, K. (2023). Auyıl beinesi zhane ulttyq tanyim [Rural Image and National Identity]. *Evraziia gumanitaryq institutynyn khabarshysy — Bulletin of the Eurasian Humanitarian Institute*, 2, 244–258 [in Kazakh].
- 12 Zhakulayev, A.M., Takirov, S.U., & Mingazova, L.I. (2023). Narrative and Historical Discourse. *M.O. Auezov Institute of Literature and Art. Keruen. Scientific Journal*, 1, Vol. 78, 112–122.
- 13 (2013). *Klassikalyq zertteuler: Kop tomdyq* [Classical Studies: Multi-volume Edition]. Vol. 15. K. Zhumaliyev, Z. kabdolov, Z. Akhmetov. *Adebiet teoriasy*. Almaty: Adebiet alemi [in Kazakh].

- 14 Zharylgapov, Zh.Zh. (2009). *Qazaq prozasy: bagytтар мен әдіс-тәсілдер: monografiia* [Kazakh Prose: Trends and Methods. Monograph]. Karaganda: Glasir [in Kazakh].
- 15 Ergobek, K.S. (2013). *Qarasóz* [Prose]. Almaty: El-shezhire [in Kazakh].
- 16 Valgina, N.S. (2003). *Teoriia teksta* [Text Theory]. Moscow: Logos [in Russian].
- 17 Baltabayeva, G. (2012). *Qazaq prozasy tәuelsizdik kezinde: oqu quraly* [Kazakh Prose in the Independence Period: A Study Guide]. Almaty: Qazaq Memlekettik Qyzdar Pedagogikalyq Universiteti [in Kazakh].
- 18 Kabdulov, B. (1983). Detal v khudozhestvennom proizvedenii (k probleme pisatelskogo masterstva) [Detail in a Literary Work (on the Problem of writer's mastery). *Extended abstract of candidate's thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 19 Kabdolov, Z. (1976). *Söz öneri. Ondelip, tolyqtyrylgan ekinshi basylym* [The Art of the Word. Revised and expanded 2nd edition]. Almaty: Mektep [in Kazakh].
- 20 Berdybay, R. (1997). *Tarikhі roman: oqu quraly* [The Historical Novel: A Study Guide]. Almaty: Sanat [in Kazakh].

Information about the author

Syzdykov Serikbol Kusainovich — Senior lecturer, PhD, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan; e-mail: sake.sakebaev@mail.ru, ORCID: 0000-0001-8444-6373

Tanzharikova Alua Vasilevna – Doctor of Philological Sciences, Associate Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: Alua1973@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5575-9813>

Mukhamadiev Dauren Bakdauletovich — Senior lecturer, candidate of philological sciences. Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: dauren-7725@mail.ru, ORCID: 0009-0004-9407-6088

Begmanova Bibizhan Seitkhanovna — Associate Professor, candidate of philological sciences. Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: bibizhan.begmanova@mail.ru, ORCID: 0000-0002-9135-6752